

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 12/74 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 желтоқсанда № 6538-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2025 жылғы 20 мамырдағы № 28/216 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 20.05.2025 № 28/216 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес, Приозерск қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

А. Исатаев

Приозерск қалалық мәслихатының

2023 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 12/74

шешіміне 1-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін

айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Қағида) қаулысына сәйкес, әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

"1) Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қафидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша респубикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

4) әлеуметтік көмек – жергілікті атқарушы орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

5) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданнның, аудандық маңызы бар қаланың әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тұра келетін үлесі;

8) мерекелік күндер (бұдан әрі – атаулы күндер) – Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

9) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық

үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

10) участекілік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеу-қарау жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 2-тармақта өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 08.08.2024 № 19/150 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Әлеуметтік кодекстің 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229-бабының 3-тармағында, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 11-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мезгіл-мезгіл (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет, жылына 1 рет) көрсетіледі.

5. Біржолғы әлеуметтік көмек көрсету үшін мереке күндері мен атаулы күндердің тізбесі:

1) 1-2 қаңтар – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 7), 8) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін Жаңа жыл;

2) 15 ақпан – уәкілетті ұйымның тізімі негізінде 7-тармақтың 2) тармақшаның бірінші, екінші, үшінші, төртінші абзацтарында, 3) тармақшаның он бірінші абзацында, 5) тармақшасының бесінші абзацында көрсетілген санаттар үшін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кенес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні;

3) 8 наурыз – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 13), 14) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін Халықаралық әйелдер күні;

4) 26 сәуір – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 3) тармақшасының тоғызынышы, он бесінші абзацтарында, 5) тармақшасының жетінші, сегізінші, оныншы абзацтарында көрсетілген санаттар үшін Халықаралық радиациялық авариялар мен апаттар құрбандарын еске алу күні;

5) 7 мамыр – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 2) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтарында көрсетілген санаттар үшін ҚР-да Отан қорғаушылар күні;

6) 9 мамыр – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 1) тармақшада, 3) тармақшаның екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, оныншы, он екінші, он үшінші, он төртінші абзацтарында, 4) тармақшасында, 5)

тармақшаның екінші, үшінші, төртінші, алтыншы, тоғызынышы абзацтарында көрсетілген санаттар үшін Женіс күні;

7) 31 мамыр – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 19), 20) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін ҚР-дағы Саяси қуғын-сұргін құрбандарын еске алу күні;

8) 30 тамыз – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 15) тармақшасында көрсетілген санат үшін Қазақстан Республикасы Конституция күні;

9) 1 қазан – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген санат үшін Қарттар күні;

10) қазан айының екінші жексенбісі – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген санат үшін мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау күні;

11) 25 қазан – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 17) тармақшасында көрсетілген санат үшін Республика күні;

12) 16 желтоқсан – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 6), 8) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін Тәуелсіздік күні.

Әлеуметтік көмектің шекті шамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құнтізбелік жылға бекітілген 100 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 08.08.2024 № 19/150 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстық жергілікті атқарушы орган бекітетін ережелер негізінде жүзеге асырады.

2-тaraу. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Алушылардың санаттарының, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерінің, әлеуметтік көмекке жүгіну мерзімдерінің тізбесі:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері:

Ұлы Отан соғысына қатысуышылар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын (бұдан әрі – КСР Одағы) қорғау бойынша басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілер, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда,

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қимылдары ауданында, майдан маңындағы теміржол участкелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылыш жайларында жарапануы, контузия алуы, мертігүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілер;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері:

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда);

оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер;

Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жаракат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

3) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер:

жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысуышыларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткөрген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдары;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдар;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдар;

бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комисариатының, Байланыс халық комисариатының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтерілу құрамының, Балық өнеркәсібі халық комисариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасының ұшу-көтерілу құрамының арнаулы құралымдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шекаралары, флоттардың жедел аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;

екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстая орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындар;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апattар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар;

женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауганстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметтің өткеру кезеңінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілер;

қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындаудың байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде жарапануы, контузия алуы, мертігуі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілер;

1944 жылғы 1 қаңтар – 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР, Эстония КСР аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, вводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, вводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде жарапануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апattар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары;

4) еңбек ардагерлері:

Социалистік Еңбек Ерлери, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлері;

"Қазақстанның Еңбек Ері", "Халық қаһарманы" атақтарына ие болған адамдар;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

5) басқа да адамдар:

қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін (қызметтік міндеттерін) атқару кезінде немесе осы Қағидалардың 9 тармағының 1), 2), 3)-тармақшаларында көрсетілген, жарапану, контузия алу немесе мертігу салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, жер асты жұмысшыларының, адамдардың отбасылары майданда;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныстың объектілік және авариялық командаларының өзін-өзі қорғау топтарының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасылары, Ленинград қаласының госпитальдары мен ауруханаларының қаза тапқан жұмысқерлерінің отбасылары;

бұрынғы КСР Одағы Қорғаныс министрлігінің, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының әскери міндеттілер жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілерінің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасылары ;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары;

Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары;

сәуле ауруының салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе өскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың өсеріне байланысты болған азаматтардың отбасылары;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігіүі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысуышының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы);

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысуышылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар;

6) жетім балалар мен ата-ана сынның қамқорлығының қалған балалар;

7) 16 жасқа дейінгі аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар;

8) 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;

9) жетпіс бес жастан асқан зейнеткерлер;

10) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмайтын зейнеткерлер;

11) 18 жастан асқан 1, 2, 3 топтағы мүгедектігі бар адамдар;

12) жалғызбасты және жалғыз тұратын еңбекке жарамсыз зейнеткерлер, ең төменгі зейнетақы мөлшерін алатын зейнеткерлер;

13) "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Даңқты ана" орденімен марапатталған көп балалы аналар;

14) төрт немесе одан да көп бірге тұратын кәмелеттік жасқа жетпеген соның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғарғы оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орнын аяқтаған мезгіліне дейін (бірақ әрі дегенде 23 жасқа толғанға дейін);

15) әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратын азаматтар (онкологилық аурумен ауыратындар, адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы ауруымен ауыратындар және құрт аурының түрлі формаларымен ауыратындар);

16) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар;

17) Приозерск қаласының мектепке дейінгі үйымдарда тәрбиеленетін және білім алатын балалары бар көпбалалы отбасылар;

18) асыраушысынан айрылу бойынша жәрдемақы алушылар;

19) Қазақстандағы 1986 жылғы 17 – 18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған, саяси құғын-сүргін құрбаны мәртебесін алған ақталған азаматтарға;

20) саяси құғын-сүргін құрбандары, саяси құғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын адамдар;

21) 1 топтағы мүгедектігі бар, санаторий-курорттық емделуге арналған абилитация мен оқалтудың жеке бағдарламасы бар адамдар.

Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін:

22) азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне табиғи зілзала немесе өрт салдарынан залал келтіруі табиғи зілзала немесе өрт басталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан жылына 1 рет беріледі, әлеуметтік көмектің мөлшері 100 (жұз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

23) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы, адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан жылына 1 рет беріледі, әлеуметтік көмектің мөлшері 30 (отыз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

24) тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейіне 0,8 еселенген қатынаста шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы, 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына 1 рет беріледі;

25) жетім болуы, ата-ана қамқорлығының болмауы адамның (отбасы мүшелерінің) жан басына шаққандағы орташа табысы ескеріле отырып, жылына 1 рет беріледі, әлеуметтік көмектің мөлшері 15 (он бес) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

26) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмайтын адамның (отбасы мүшелерінің) жан басына шаққандағы орташа табысы ескеріле отырып, жылына 1 рет беріледі, әлеуметтік көмектің мөлшері 15 (он бес) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

27) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, адамның (отбасы мүшелерінің) жан басына шаққандағы орташа табысы ескеріле отырып, жылына 1 рет беріледі, әлеуметтік көмектің мөлшері 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

27-1) азаматтың (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,5 (бір жарым) еселенген мөлшерінен аспайтын, жергілікті (пешпен) жылдытылатын жеке тұрғын үйлерде тұратын, оның жеке меншік иесі (жалдаушылары) немесе меншік иесінің (жалдаушының) отбасы мүшелері болып табылатын, оларда және отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үй болмаған жағдайда бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, қатты отынды (көмір) сатып алуға бір реттік әлеуметтік көмек жылдыту маусымына 16 (он алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, жылына 1 рет көрсетіледі;

27-2) Ауғанстандағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан ардагерлерді жерлеуге қайтыс болғаннан кейін үш ай ішінде адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан бір рет 150 (жұз елу) мың теңге мөлшерінде беріледі;

27-3) ардагерлерге табыстарын есепке алмай, жылына 1 рет, 14 күннен аспайтын санаторий-курорттық емдеуге растайтын құжаттар (орындалған жұмыстар актісі, шот-фактура және фискалдық төлем чегі) негізінде мүгедектігі бар адамдар үшін белгіленген санаторий-курорттық емдеудің кепілдендірілген сомасынан аспайтын жұмсалған шығындарды өтеуге әлеуметтік көмек көрсету. Санаторлық-курорттық емделуге жеке абилитация және оңалту бағдарламасы өзірленген мүгедектігі бар ардагерлерге санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек төленбейді;

28) абилитация мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, санаторий-курорттық емделуге жолдамамен қамтамасыз етілген 1 топтағы мүгедектігі бар адамдармен ілесіп жүретін адамның санаторий-курорттық үйімда болуы үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан, жылына 1 рет халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын кепілдік берілген соманың 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде құнын өтеу ұсынылады.

Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан әлеуметтік көмекке жүгіну мерзімі - өмірлік қыын жағдай туындағаннан кейін үш ай ішінде.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 08.08.2024 № 19/150 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2024 № 23/172 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

8. Мереке күндері мен атаулы күндерге алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың жергілікті атқарушы органың келісімі бойынша бірынғай мөлшерде белгіленеді.

9. Әрбір жеке жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмектің мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

10. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек алушылардың санаттарын ЖАО айқындайды, содан кейін олардың тізімдері уәкілетті ұйымға не өзге де ұйымдарға сұрау салу жолымен қалыптастырылады.

11. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінен немесе отбасы атынан уәкілетті органға Үлгілік қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті мынадай құжаттарды қоса бере отырып ұсынады:

1) жеке басты куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер (адамның (отбасы мүшелерінің) табыстарына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмек алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер берілмейді);

3) мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздердің болу фактісін растайтын төменде көрсетілген құжаттардың бірі:

табиғи зілзала немесе өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне келтірілген залал фактісін растайтын құжат;

әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжат;

жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың күнкөріс деңгейіне еселенген қатынасында болу фактісін растайтын құжат;

жетім болуы, ата-ана қамқорлығының болмауы фактісін растайтын құжат;

жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі құтім жасай алмау фактісін растайтын құжат;

бас бостандығынан айыру орындарынан босату, пробация қызметінің есебінде болу фактісін растайтын құжат;

еріп жүретін адамның санаторий-курорттық емделу жолдамасын төлегендігі туралы фактісін растайтын құжат.

Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады. Салыстырғаннан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

12. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде, осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген негіз бойынша, уәкілетті орган бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекі комиссияға жібереді.

13. Участекі комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акт жасайды, Үлгілік қағидалардың 2, 3-қосымшаларға сәйкес, нысандар бойынша адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға жібереді.

14. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсету үшін ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

15. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуы мүмкін болмаған жағдайда, уәкілетті орган тиісті мәліметтері бар өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдайды.

16. Уәкілетті орган участекі комиссиядан құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысының есебін жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

17. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

18. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш берушінің құжаттары тіркелген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттардың және әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы арнайы комиссияның қорытындысының негізінде, әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 14 және 15 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден құжаттар қабылданған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

19. Уәкілетті орган шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні қабылданған шешім туралы жазбаша хабардар етеді (бас тартылған жағдайда - негізdemесін көрсете отырып).

20. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) өтініш берушілер ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартуы, жалтаруы;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен асып кеткен жағдайларда жүзеге асырылады.

21. Әлеуметтік көмек көрсетуге арналған шығыстарды қаржыландыру ағымдағы қаржы жылына арналған қаланың жергілікті бюджетінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

22. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

23. Артық төленген сомалар ерікті түрде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

24. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсету мониторингісі мен есепке алуды "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорларын пайдалана отырып жүргізеді.

Приозерск қалалық мәслихатының

2023 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 12/74

шешіміне 2-қосымша

Приозерск қалалық мәслихатының күші жойылды деп тануға жататын кейбір шешімдерінің тізімі

1. 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2690 болып тіркелген).

2. 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 39/281 "Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2928 болып тіркелді).

3. 2016 жылғы 5 ақпандағы № 49/283 "Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3677 болып тіркелді).

4. 2016 жылғы 21 маусымдағы № 3/27 "Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 "Приозерск қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3898 болып тіркелді).

5. 2016 жылғы 22 қыркүйектегі № 5/52 "Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 "Приозерск қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3982 болып тіркелді).

6. 2017 жылғы 10 қазандағы № 15/140 "Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 "Приозерск қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4417 болып тіркелді).

7. 2019 жылғы 21 қарашадағы № 35/343 "Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 "Приозерск қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5545 болып тіркелді).

8. 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 36/352 "Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 "Приозерск қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж

азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5638 болып тіркелді).

9. 2021 жылғы 30 наурыздағы № 3/31 "Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 "Приозерск қаласының әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6293 болып тіркелді).

10. 2023 жылғы 8 маусымдағы № 5/37 "Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 "Приозерск қаласының әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6428-09 болып тіркелді).